# Астана қаласы әкімдігінің "АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін ақылы қызметтердің бағаларын белгілеу туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 22 шілдедегі № 106-2500 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 202-бабына , "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 156-бабының 2-тармағына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің "АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін ақылы қызметтердің бағалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жіберілуін;

2) осы қаулының Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Астана қаласы әкімдігінің "АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін қызметтердің бағаларын белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 тамыздағы № 106-1615 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы "22" шілдедегі
№ 106-2500 қаулысына
қосымша

## Астана қаласы әкімдігінің "АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін ақылы қызметтердің бағалары

| Р/с № | Қызметтің атауы | Өлшем бірлігі | Бағалар (теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Астана қаласы әкімдігінің "АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| B, C вирусты гепатиттерінің зертханалық диагностикасы (скрининг) | | | |
| 1. | ИФТ-әдісімен қан сарысуында HBsAg анықтау | 1 зерттеу | 2 038 |
| 2. | ИФТ-әдісімен қан сарысуында C гепатитының вирусына жиынтық антиденелерді анықтау | 1 зерттеу | 3 724 |
| B, D вирусты гепатиттерінің кеңейтілген диагностикасы | | | |
| 3. | Қан сарысуында вирусты гепатит В-ның HBc антигеніне Ig M-ді ИФТ әдісімен анықтау | 1 зерттеу | 4 255 |
| 4. | ИФТ-әдісімен қан сарысуында В гепатиты вирусының HBc антигеніне жиынтық антиденелерді анықтау | 1 зерттеу | 4 235 |
| 5. | ИФТ-әдісімен қан сарысуында В гепатиты вирусының HBe антигенін анықтау | 1 зерттеу | 4 416 |
| 6. | ИФТ-әдісімен қан сарысуында В гепатиты вирусының HBeAg-неантиденелерді анықтау | 1 зерттеу | 4 416 |
| 7. | ИФТ-әдісімен қан сарысуында В гепатиты вирусының HBs антигеніне жиынтық антиденелерді анықтау | 1 зерттеу | 4 416 |
| 8. | ИФТ-әдісімен қан сарысуында D гепатитының вирусына жиынтық антиденелерді анықтау | 1 зерттеу | 4 672 |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Мерездің зертханалық диагностикасы | | | |
| 9. | Қан сарысуындағы Treponema pallidum-ға ( трепонема паллидум) жиынтық антиденені ИФТ әдісімен анықтау | 1 зерттеу | 3 539 |
| АИТВ-ны емдеу тиімділігінің зертханалық көрсеткіштері | | | |
| 10. | ПТР әдісімен қан плазмасында АИТВ 1-ге РНК-ны сандық анықтау | 1 зерттеу | 65 260 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11. | Ағымды цитофлуориметрия әдісімен қандағы "иммун мәртебесін анықтау үшін панель" иммунофенотиптеу (CD4 жасушаларын) | 1 зерттеу | 14 905 |
| 12. | Ағымды цитофлуориметрия әдісімен қандағы "иммун мәртебесін анықтау үшін панель" иммунофенотиптеу (% CD4 жасушаларын) | 1 зерттеу | 17 065 |
| Медициналық манипуляциялар | | | |
| 13. | Қан алу | 1 қызмет | 747 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК